



Автор: КАЛИЕВА ГУЛЬСТАН ТЕНИЛЬБАЕВНА

Пән: Биология

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Тыныс алу

Тақырып: Тынысалу мүшелері.Адамның тынысалу жолдарының құрылысы мен газ алмасу мүшелері.

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	7.1.4.5 Тынысалу мүшелерінің құрылыс ерекшеліктерін танып білу.
Сабақтың мақсаттары	Барлығы:адамның тынысалу мүшелерінің құрылыс ерекшеліктерін түсінеді. Көпшілігі:адамның тыныс алу мүшелерін сипаттайды. Кейбіреулері: Тынысалу мүшелерінің құрылыс ерекшеліктерін талқылайды
Тілдік мақсаттар	Пәнге қатысты лексика мен терминология: Ауа өтетін жол,мұрын қуысы, ауыз қуысы, жұтқыншақ, көмекей, кеңірдек, бронхылар ,бронхиолалар, диафрагма, альвеолалар. Диалог құруға/жазылымға қажетті сөздер топтамасы: Адамның тыныс алу жүйесінің орталық мүшесіне жердегі басқа да омырқалылардағы сияқты..... жатады. Мұрын қуысында.....көп,шырышты бездер төселген.-тынысалу жүйесінің қосымша жолы.Мұрын- жұтқыншақ-..... және мұрын қуысы жалғасатын орын.
Бағалау критерийлері	-Адамның тынысалу мүшелерінің құрылысымен қызметін түсінеді. - Адамның тынысалу мүшелерінің құрылысымен қызметін сипаттайды. -Адамның тыныс алу мүшелерінің құрылыс ерекшеліктерін атқаратын қызметімен байланысын анықтайды.
Құндылықтарды дарыту	Зайырлы қоғам және жоғары руханият. «Жаны саудың-дені сау»
Пәнаралық байланыстар	Химия,экология, дүниетану, медицина
Алдыңғы білім	7.1.4.4.Омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелері (бунақденелілердің демтүтіктері, балықтарының желбезектері,құстардың және сүтқоректілердің өкпесі)

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	1.Ынтымақтастық атмосферасын ұйымдастыру. «Мен тілеймін»Оқушылар шеңбер құрып,өз аттарының бас әрпінен келетін тілек тілейді. 2.Топқа бөлу.Тыныс алу мүшелері бойынша топқа бөлу Миға шабуыл: Сұрақ: 1.Тыныс алу дегеніміз не? 2.Тыныс алу мүшелерінің құрылысы? 3.Жәндіктердің басты тыныс алу мүшесі? 4.Жәндіктердің кеңірдектерінің ерекшелігі? 5.Балықтың желбезегі қандай бөлімдерден тұрады? 6.Желбезек жапырақшалары қандай қызмет атқарады? 7.Ауа өтетін жолдың қызметі? 8.Гемолимфа дегеніміз не? 9.Қосарлы тыныс алу дегеніміз не? 10.Омыртқалылардың тыныс алу мүшесі? Смайлик житондар арқылы бағалау	А.Р. СОЛОВЬЕВА, Б.Т. ИБРАИМОВА, Ж.Ә. АЛИНА Алматы «Атамұра» 2017

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	1.Тыныс алу құрылысы мен қызметіне бейнекөрсетілім көрсетіледі. 2. «Ойлан,жұптас,бөліс»әдіс арқылы жаңа тақырыпты меңгереді. I -топ Адамның тыныс алу маңызы II- топ Тыныс алу мүшелерінің құрылысы III- топ Өкпенің құрылысы. Дескриптор: - Тыныс алудың маңызын мазмұндайды; - тыныс алу құрылысын жіктейді; -Өкпенің құрылысын талдайды Жауап берген топтарды бағдаршам арқылы бағалау. 1.Суреттер сөйлейді»әдісі арқылы Тыныс алу мүшелерінің құрылымын атаңыз Дескриптор. -Тыныс алу мүшелерін атап шығады -Адамның тыныс жолдары құрылысы мен газалмастыру мүшелерін көрсетеді смайлик «басмармақ» әдісі арқылы бағалау 2.«Сәйкестік тесті» әдістері арқылы тыныс алу мүшелері мен олардың атқаратын қызметтері арасындағы сәйкестікті анықтаңыз. ҚызметіМүшелер А.Шеміршекті жартылай сақиналардан тұрады В.Ауа жылытады,зарарсыздандырады және шаң тозаңнан тазартылады С.Шеміршек сақиналардан түзілген Д.Сілемейлі қабықта иіс жасушалары болады. Е.Сүйекті-шөміршекті қолқа бар Ғ,Сілемейлі қабықта бездер бар Тербериелі эпителий болады Г.Сілемейлі қабық қатпарындағы шөміршектер арасында дыбыс сіңірлері түзілген. Н.Дыбыс түзіледі І.Мұрын ІІ.қуысы ІІІ.Көмей ІV.Кеңірдек V.Бронхылар Жауабын кестеге толтырыңыз. ABCDEFGHI Дескриптор. -Тыныс алу мүшелерінің құрылымдарын атайды -Тыныс алу мүшелері мен олардың атқаратын қызметтерімен сәйкестендіреді. жауап жазған топтар бас бармақ арқылы бағалау	
Сабақтың соңы	Кері байланыс Мен сабақты жақсы түсіндім және тапсырманыоңай орындаймын Маған сабақ өте ұнады Мен сабақты мүлдем түсінбедім	